

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 240 (9302)

1953

жылғы

5

декабрь

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Бүгін—ССРО Конституциясы Күні.
Еліміздің халықтарының достығы
мен даңқының мызғымас қамалы—ұлы
Советтік Отанымыз жасасын!

Дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция—ССРО Конституциясы жасасын!

ССРО Конституциясы Күні

Еліміздің халықтарының мызғымас достығы жасасын!

Біздің табыстарымыз

Бүгін—бүкіл совет халқының аса қуанышты, ұлы мерекесі. Бұдан 17 жыл бұрын 5 декабрь күні Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезі ССРО-ның Конституциясын бекітті. Бұл тарихи күн совет халқының өміріндегі ұлы өзгерістерді бейнелейтін бүкілхалықтық мерекеге айналды.

ССРО Конституциясында Коммунистік партияның дана басшылығымен жеңген социализм елінің қол жеткен бүкіл дүниежүзілік тарихи табыстары баянды етіліп, заң жүзіне енгізілді. ССРО-да барша өкмет қала мен деревнядағы еңбекшілердің яғни еңбекшілер депутаттары Советтерінің қолына түпкілікті берілді. Халық шаруашылығының барлық саласында социалистік система салтанат етіп, шаруашылықтың капиталистік системасы түбірімен жойылды. Елімізде өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарға мемлекеттік меншік пен колхоздық-кооперативтік меншік орнатылды.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында, ССРО Конституциясының туы астында советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, ССРО халықтарының достығы, советтік патриотизм сияқты қоғамның қозғаушы күштері барған сайын өсіп, нығая түсуде. Міне, сондықтан да совет адамдары бүкілхалықтық мереке—ССРО Конституциясы Күнін жыл сайын еңбектегі жаңа табыстарымен қарсы алады.

Облысымыздың еңбекшілері, бүкіл еліміздегі сияқты, өзінің ұлы мерекесіне татымды тартулармен келді. Өнеркәсіп орындары мен транспорт қызметкерлері мереке құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындау, өнімнің сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кеміту, қаржыны, отынды, шикізатты көптеп үнемдеу күресінде айтарлықтай табыстарға ие болды. Мәселен, қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты бығыл бір айда, ноябрь айында 1947 жылдың барлық өнімінің 70 процентіндегі өнім шығарды. Комбинаттың озат цехтарының көрсеткіштері мұнан да артық. Осы сияқты, электр станциялары мен электр өнеркәсібі

Қазақстан совет өкметі жылдарында бұрын артта қалған өлкеден қуатты индустриялы, колхозды, экономикасы мен мәдениеті дамыған республикаға айналды. Республикада жаңа заводтар мен фабрикалар салынды, жаңа қалалар орнады. Мыңдаған километр жерге темір жолдар тартылды. Қазақстанда ғылыми-зерттеу мекемелерінің, оқу орындарының, мәдени-ағарту мекемелерінің саны жыл сайын көбеюде. Қысқа уақыттың ішінде Коммунистік партия мен халық ісіне берілген ұлт кадрлары тәрбиеленіп өсті.

ССРО Конституциясы—дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция. Ол совет елі азаматтары мен азаматшаларының елдің саяси өміріне белсене қатысуын қамтамасыз етті. Біздің елімізде азаматтар мен азаматшалар еңбек етуге, білім алуға, демалуға праволы. ССРО Конституциясы совет халқының күн санап өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін барған сайын толық қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Советтік еліміздің Конституциясының дүниежүзілік маңызы зор.

Капитал елдерінің конституциясы халық мақсатына қарама-қарсы. Капиталистік мемлекеттердің конституцияларында қағаз жүзінде ғана көрсетілген демократиялық бостандықтар жүзеге асырылмай жұмысшы табын күйзеушілікке, жұмыссыздыққа, ашаршылыққа ұшыратудың бостандығына айналып отыр. Демек, қоғамның байлығы тек аттөбеліндей билеуші гапгардың игілігіне айналдырылып отырған жерде бостандық пен демократия жөнінде қандай сөз болуы мүмкін. Әресе, империалистік елдерде демократиялық бостандықтардың барлық түріне тыйым салынып, мемлекетті күшпен басқару әдісі қолданылып отыр. Мұны бүкіл дүниежүзілік реакцияның орталығы болып отырған Америка Құрама Штатынан айқын көруге болады.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі капиталистік елдердегі ауыр жағдайды И. В. Сталин партияның XIX съезінде сөйлеген сөзінде былай деп түсіндірді:



Біздің колхоздың мүшелері қажырамы еңбек ете отырып, егін және мал шаруашылығын жедел өркендетіп, өздерінің әл-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесін жақсартуда.

Быйыл колхозшылар бітік егін өсіріп, егін шаруашылығының мәдениетін арттыруда бірқатар табыстарға ие болды. Колхоз мемлекетке астық тапсыру, тұқым қорын қуа жоспарларын толық орындап шықты. Колхозшылардың әрбір еңбеккүндеріне 5 килограмнан астық, 2 сомнан ақша берілді.

Колхозшылар мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісінде де қажырлықпен еңбек етіп келеді. Олар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, жаңа табыстарға жетті. Түліктің әрбір түрі бойынша қоғамдық малдың саны өткен жылғыдан дәуір ұлғайды. Әрбір сауын сыйырдан 11 айдың ішінде сауылған сүт өткен жылғыдан 575 литрге дейін арттырылды.

Тұқым тазартуда, мал күтуде жұмыс істен жүрген колхозшылар күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Әресе, колхозшылар Дүйсенбин, Көшімбаев, Тыйышпанов жолдастардың еңбегі ерекше көзге түседі. Дайындалған мал азығын қоралардың жанына тасу кең өріс алды. Мұнда 2 трактор, 13 пар көлік үздіксіз жұмыс істейді. Бұлармен мереке күніне дейін 11 мың центнерден астам мал азығы қоралар қасына тасылып алынды.

Колхозшы шаруалардың Советтік Конституция күніне әзірлеген тартулары, міне, осындай.

Қ. ТОҒАНБАЕВ.

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының председателі.

Халық игілігі үшін

Комбинат жұмысшылары өздерінің мамандығы мен іскерлігін үздіксіз арттыруда. Бұл өзінің игі нәтижесін беріп, комбинат бойынша зор еңбек өрлеуін туғызып отыр. Кәзір комбинатта алдыңғы қатарлы жұмысшылардың саны 600-ден асады.

ды, былғары заводы, «Пищевик» «Строитель» кәсіпшілік артельдерінің коллективтері де мереке алдындағы социалистік жарыста озып шықты.

Колхозшы шаруалар, совхоз, МТС жұмысшылары мен қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары мереке күнін СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жолындағы күрес үстінде қарсы алып отыр. Кәзір колхозды ауыл-селоларда қайнаған еңбек. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында колхоз құрылысы барған сайын нығайып, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмысы жақсара түсуде.

Ауыл шаруашылығының қызметкерлері егіншілік пен мал шаруашылығын барған сайын өркендете беру жөнінде жаңа табыстарға ие бола береді. Кәзір колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз жұмысшылары келесі жылдың көктемгі егісіне үлгілі әзірлену, мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу үшін еселенген жігермен еңбек етуде.

Совет адамдары бүгін, ұлы мереке күні ССРО Конституциясының нұр сәулесімен гүлденген паттық өмірін ерекше мақтан етеді. Советтік Конституцияның туы астында еліміздің көп ұлтты халқының достығы нығайып, барлық туысқан республикаларымыз көркейді. Советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениеті қарыштап өсті және өсуде.

Қайта туған қазақ халқы өзінің бақытты өмірі үшін Коммунистік партияға және ұлы орыс халқының ағалық қамқорлығына борышты. Өйткені, ол бай-феодалдарға және шетел капиталистеріне қарсы, патша өкметіне қарсы күресте Коммунистік партияның басшылығымен ұлы орыс халқының көмегіне сүйенді. Соның нәтижесінде қазақ халқы өзінің мемлекетін жасады, бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Кәзір ол бүкіл совет халықтарымен бірге коммунизмнің биік шыңына қарай қарыштап алға басуда.

Мал шаруашылығын

Біздің ферманың мал өсірушілері бүкіл халықтық мереке — ССРО Конституциясы Күнін лайықты табыстармен қарсы алды. Олар өзара социалистік жарысты кенінен өрістетте отырып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, оның тұқымын асырдыру арқылы өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Малшылар быйыл қысқы маусымға жан-жақты әзірлікпен кірісіп, бұл жауапты жұмысты алғашқы күндерден бастап ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Фермадағы мал жеткілікті жемшөппен, кең, жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етілді. Кәзір дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына жеткізіп алу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Шөп тасушылардың қажырлы еңбегі арқасында жемшөптің 70 проценттен астамы тасылып алынды.

Бізде жемшөп малға ұқыпты әзірленеді. Бұған фермадағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көпшілігінің механикаландырылуы елеуір себепші болып отыр. Малға жай шөптен басқа құнарлы азық, концентрат алдын ала әзірленіп беріледі.

тін, буржуазиялық, демократиялық бостандықтарды қорғайтын еді, сөйтіп, халық арасында өзіне бедел тұғызатын еді. Кәзір либерализмнен із де қалған жоқ. «Бас бостандығы» дейтін енді жоқ, — енді капиталы барлардың ғана өз басының правосы танылады, ал, басқа азаматтардың бәрі қаналуға ғана жарамды адамдар — шикі материал деп есептеледі. Адамдар мен ұлттардың тең правосылық принципі Аяққа басылды, оның орнына қанаушы азышылықтың толық правосылығының және азаматтардың қанаудағы көпшілігінің правосыздығының принципі орнатылды. Буржуазиялық демократиялық бостандықтардың туы лақтырылып тасталды».

Совет халқының коммунистік қоғам орнату жолында қол жеткен ұлы табыстары, совет елінің бейбітшілік сыртқы саясаты капиталистік елдердегі еңбекшілерді, отар және тәуелді елдердің халықтарын бейбітшілік үшін, бостандық үшін күреске жігерлендіріп, біртұтас майдан шебін құрып отыр. Капитал елдері еңбекшілерінің азаттық күресінің майданы күн санап ұлғая береді.

Совет халқы партия мен үкметіміздің таяудағы екі-үш жылдың ішінде халық үшін азық-түлік молшылығын, тамақ және өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау жөніндегі программасын жүзеге асыру жолында қажырлықпен еңбек етіп, дүние жүзіндегі бейбітшілік пен демократияның тірегі — Советтік Отанымыздың күш-қуатын арттыра береді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан әрі тығыз топтасып, ССРО Конституциясының туы астында коммунизмнің жарқын шыңына қарай ілгері баса берейік!

Дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция — ССРО Конституциясы жасасын!

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

өркендету жолында

Жемшөптің унемдеп жұмсалыуына қатаң бақылау жасалып отырылады. Соның нәтижесінде малдың қоны жазғы айлардағыдан кеміген жоқ.

Қоғамдық малдың саны өсіп, қоңдылығы артуына байланысты құнарлылығы да арта түсіп келеді. Мәселен, сауыншы Ирина Шель өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 1600 литр сүт сауса, быйыл он ай ішінде 1700 литр сүт алды. Сүт сауу жоспарларын сауыншылар Сердюк, Николаенко, Ковалева жолдастар да асыра орындауға жетісті.

Мал өз төлі есебінен көбеюде. Төл күтушілер Качалова, Фиоря жолдастар быйылғы жылы алынған 90 бұзауды ешбір шығынсыз өсіріп келеді.

Біздің ферманың малшылары Конституцияда жазылған еңбек ету правосын пайдалана отырып, еңбекте бұдан да зор табыстарға жете береді.

Ф. ФИДРЯ.

Полудень ауданы, «Парижская коммуна» колхозындағы сыйыр фермасының менгерушісі.



Суретші И. Лукниның жасаған монтажи.

Орындалған арман

ССРО Конституциясында совет адамдарының ұлы правосы — еңбек ету, оқу оқып білім алу, демалу правосы белгіленген. Совет адамдары өздерінің қалаған мамандығы бойынша еңбек етуге ерікті.

— Саша, сенің кім болғың келеді, — деген жолдастарымның сұрағына:

— Теміржолшы боламын, — деп жауап беретінімнен.

Менің қол арманым жүзеге асты. Теміржолшылар училищесіне оқуға түстім. Оны бітірісімен Петропавл паровоз депосына жұмысқа орналастым. Бірнеше жыл паровозда машинистің көмекшісі болып істедім. 1952 жылы Петропавл техникалық мектебінің машинистер даярлайтын курсін бітіріп шықтым. Өткен жылдың октябрь айынан бері машинист болып істеймін.

— Маған машина, жүк сенің тапсырылып отыр. Паровозды аман сақтап жүкті уақытында жеткізуің керек, — деп едім өзіме-өзім машинист болып алғаш рет сапарға шығар алдында.

Алғашқы күннен-ақ паровозды жоғары техникалық күтімде ұстап, оның тоқтаусыз жүруін қамтамасыз еттім. Жүкті станцияға график бойынша жеткізіп тұрдым. Партиямыздың XIX съезінің қарарларын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, жүк тасуды үстіміздегі жылы айтарлықтай табыстарға жеттім. Паровоздың техникалық күтімін жақсартып және тәуліктік жүру жылдамдығын арттырып, жүк тасу жоспарын асыра орындағаным үшін маған жуырда «Еліміздің темір жол торабының таңдаулы машинисі» деген атақ берілді.

ССРО Конституциясы Күні — 5 декабрьге лайықты өндірістік тартумен келдім. Ноябрь айында паровоздың жүріс жылдамдығын арттыра отырып, 6 ауыр салмақты составты станцияларға графиктен бұрын апардым. Ал, 18 составты қосымша су алмай жеткіздім.

Мен қол жеткен табысқа масаттанбай, алдағы уақытта да локомотивтің тәуліктік жүріс жылдамдығын арттырып, жүк тасуда жаңа табыстарға жетемін.

А. ТРУБИНСКИЙ,
Петропавл паровоз депосының машинисі.

Жаңа орында

Мен ауыл шаруашылығының маманымын, сондықтан партияның шақыруына жауап беру үшін селоға жіберуді өтініп, өзім жұмыс істейтін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және Дайындау министрлігінің басшылығына арыз бердім. Өтінішім қанағаттандырылып, октябрь айында, Алматыдан жіберілген алғашқы мамандардың бірі болып, жаңа жұмыс орнына — Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Майбалық МТС-іне жүріп кеттім.

Онда мені өте жақсы қабыл алды. Благоевченко селосындағы Молотов атындағы колхозға келісімен маған пәтер берді. Мұнда колхозшылар мәдениетті тұрады. Колхозшылардың үйлерінде электр жарығы, радио бар. Жақсы клуб, кітапхана жұмыс істейді.

Молотов атындағы колхоз — ауылдағы озат колхоздардың бірі. Оның егіс бригадаларының төртеуі де быйыл егінің шырымдылығы жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды асыра орындаған. Артель мемлекет алдындағы борыштарын мерзімінен бұрын өтеді. Еңбеккүнге алты килограмнан астық және үш сомнан ақша берілді. Мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімдерін сатудан түскен ақшаға тіркемесі бар жүк автомашинасы сатып алынды.

Болашағымыз бұдан да тамаша

Завод 5 декабрьге өндірістік тапсырмаларды айдан айға асыра орындаумен келсе, онда біздің әрқайсымыздың тиісті үлесіміз бар.

Мен заводтың жөндеу-механикалық цехында слесарь болып істеймін. Сменалық тапсырманы күн сайын артығымен орындап келе жатқан жұмысшылар, токарлар мен слесарьлар заводта көп. Мен заводта слесарь болып істегелі сменалық тапсырманы үнемі артығымен орындап келемін. Ал, кәзіргі уақытта оны күн сайын 160—170 процент орындаймын. Жұмыста ақаудың қандайына болсын жол бермеймін. Міне, сондықтан да таңдаулы слесарьлар қатарына қосылып, коллективтің сый-құрметіне ие болдым.

Бұл табысқа еңбектес жолдастарымның көмегі арқасында жеттім. Завод-

Артель шаруашылығында мал шаруашылығының үлес салмағы зор. Барлық мал жылы қораларға орналастырылған. Қорада бағылатын мал бүкіл маусымға жететін жемшөппен толық қамтамасыз етілген, Барлық пішен мал баздарына тасып жеткізілген. Малға құнарлы және концентрат азықтар беріледі. Дала пішені малға алдын ала жартылай сүрленіп беріледі, ал, пішен сүрлеу жұмысы әрбір фермада жүргізіледі. Жас төлдер салқын үйде күту әдісімен өсіріледі. Товарлы-сүт фермасында сыйыр электр аппаратымен сауылады, онда жемшөп булағыштар бар.

Кәзір мен МТС-тің бас агрономы болып істеймін. Менің агрономдарға, зоотехниктерге, механиктерге және басқалардың немесе министрліктердің аппараттарында мамандығы бойынша жұмыс істемейтін басқа мамандарға айтайын дегенім: біздің бәріміз де селоға керекпіз. Елімізде азық-түліктің және өнеркәсіп үшін шикізаттың молшылығын жасау жөнінде біздің партиямыз алға қойған міндеттерді неғұрлым тез орындау үшін дәл осында, селода, қажетті шаралардың бәрін істеуге болады.

В. ЛИ,

Преснов ауданы, Майбалық МТС-нің бас агрономы.

Комбинатта октябрь айының өндірістік тапсырмасы өнімнің түр-түрі бойынша 102,6 процент орындалды. Коллектив мүшелері еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту күресін ноябрь айында да бәсеңдетпеді. Бұл айда өндірістік тапсырма 114,6 процент орындалды.

Коллектив мүшелері қажырлы еңбек етіп, өнім шығаруды ұлғайту, оның сапа көрсеткіштерін жақсарту ісінде жаңа табыстарға ие болып отыр. Мәселен, өткен жылғымен салыстырғанда быйыл пельмен өндіру 289 процент, котлет өндіру 644 процент ұлғайтылды.

Комбинатта өндіріс орнын кеңейту және күрделі жұмыстарды механикаландыру күресі үдей түсуде. Быйыл комбинатта тоңазытқыш салу жұмысы аяқталды. Мұның өзі онда өнімнің бұрынғыдан 9 есе артық сақталуына және комбинатта жоғары сапалы ет өнімдерін, консервті, шұжықты көптеп дайындауға мүмкіндік береді.

Жаңа тоңазытқыштың, сойып-бөлу цехының іске қосылуы бізде еңбек өнімділігінің еселеп арттырылуын қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде ноябрь айында өндірілген өнім 1947 жылғы барлық өндірілген өнімнің 70 процентіндегі болды.

Сөйтіп, комбинат коллективі ССРО Конституциясы Күнін еңбек өнімділігін арттырумен, өнімнің санын көбейтіп, сапасын жақсартумен қарсы алып отыр.

И. ГАЛНЫКИН,

А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының директоры.

Механизаторлар тартуы

ССРО Конституциясында Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында совет халқының қол жеткен бүкіл дүние-жүзілік-тарихи жеңістері баянды етілген. Мұның өзі бізге, совет адамдарына рух беріп, мақтаныш сезімімізді көтереді, күшімізге сенімімізді нығайтып, бізді жаңа табыстарға жетуге жігерлендіреді.

Міне, сондықтан да біздің трактор жөндеу жөніндегі тораптың механизаторлары ССРО Конституциясы Күні алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, бұл бүкіл халықтық мерекеге өндірістік табыстармен келді.

Мен басқарып отырған тораптың құрамында төрт адам бар. Олардың міндеті — жөндеуден өткізілген тракторларды жыйнап-құрастыру. Тораптағы механизаторлар өз міндеттерін мінсіз орындау жолында жаянамай еңбек етудің нәтижесінде күндік өндірістік тапсырмаларын үнемі 140—150 процент орындап келеді. Тораптағы механизаторлардың өзара социалистік жарысында тракторшы Бузуев, Демин жолдастар үздік көрсеткіштерге жетті.

Біз ССРО Конституциясы Күні алдындағы жарыста қол жеткен табыстарымызды баянды ете отырып, трактор жөндеудің төртінші тоқсандық тапсырмасының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етеміз.

В. ДОНЮХ,

Приешім ауданы, Ленин атындағы МТС-тің тракторларды жыйнап-құрастыру торабының бригадирі.

Н. ГИМАТДИНОВ,
Электр станциясы және электр өнеркәсібі министрлігі заводдың жөндеу-механикалық цехының слесарі.

ССРО Конституциясы бізді жаңа жеңістерге жігерлендіреді

Семья бақымы

Барлық совет адамдарының өмірі сыяқты, менің семьямның өмірі де қуанышты. ССР Одағының Конституциясы совет адамдарының оқып білім алуына, еңбек етуіне, сайлауға және сайлануына, еліміздің саяси өміріне белсене араласуына кеңінен право берді, еңбекшілердің, праволарын пайдалануына толық жағдай туғызды. Советтік Конституцияда жазылған еңбекшілер правосының мүлтіксіз жүзеге асырылуын менің семьямның да өмірінен көруге болады.

Мен жұмысымын, шойын құю- таразы заводынның слесарьлік- құрастыру цехында құрастырушы- слесарь болып істеймін. Әйелім Анна Величко. —Микоян атындағы ет- консерві комбинатының бір цехында мастер, қызым Александра осы комбинаттың ет-порция цехының жұмысшысы. Әйелім де, қызым да комбинаттың таңдаулы адамдары, әсіресе, қызым Александра еңбек өнімділігін үнемі арттырып, коллективтің құрмет- қошеметіне ие болды.

Екінші қызым Надежда IV класта оқиды, барлық пәннен алып жүрген бағалары —«5». Заводтан келіп, жуынып тарағаннан кейін столым отырам да:

—Кәне, қызым, дәптерлерің мен күнде-лігіңді әкене көрсет, —деймін.

Қызым қысылмайды, қымтырылмайды, өйткені, оның жазуы әдемі, дәптерлері таза, бағалары —тек «5».

—Ал, папа, менің дәптерімді күнде тексересің. Өзің заводта қалай істеп жүрсің, бізге бір рет айтпайсың, —дейді қызым, даусы санқылдап. Қызыма, болашақ өмірім сыяқты, жоспарланған бесжылдықтардың бір көрінісі сыяқты, қуана қараймын.

— Малыхин тұқымы —Отанға адал, берік, еңбек сүйгіш тұқым, —деймін қызыма. —Өндірістік тапсырмамды 200 процент орындап жүрмін деймін, мұртымды шыйратып.

— Мақтанба папа, 200 процент жақсы, бірақ, көп емес. 300—400 процент орындау керек тапсырманы, —дейді Надежда. Қазір еменалық нормамды 350 процент орындап жүрмін.

Жақсы тұрмысың —жақсы еңбектенуіне, еңбек өнімділігін арттыра беруіне байланысты. Семьям бай тұрады. Азық-түлік пен киім- кешектен көрегімізді сатып алуға ақша қаражатымыз жетеді. Өзім 900—1000, әйелім —800, қызым—700—800 сом еңбекақы аламыз. Бәрімізде де жайшылықта, үлкен мерекелер мен қонаққа барғанда киетін қымбатты көйлек, жақсы костюм, бағалы пальтолар бар. Гардероб, радиоқабылдағыш, сағат, кітаптарымыз өз алдына.

Қазір ақша жыйнап жүрмін. Не бөренеден үй саламын, не үлкен екі бөлмелі жаңа үй сатып аламын. Мұндай бақытты, қуанышты өмірді Коммунистік партия мен Совет Үкіметі жасап бергенін әйелім Анна, қыздарым Александра, Надежда, өзім жақсы білеміз.

Тілегіміз: сүйікті социалистік Отанымыз күннен- күнге көркейе берсін. Оның экономикалық қуатын арттыру игілігіне қажырлылықпен еңбектенуді барлық совет адамдары сыяқты, малыхиндер ең аяулы борышымыз деп түсінеді.

Д. МАЛЫХИН,

Шойын құю- таразы заводынның құрастырушы слесарі.

Білім алу правосымен пайдаланудамын

Советтік Конституция еліміздің барлық азаматтарының оқып білім алуына толық право береді. Біз совет елінде өмір сүріп, білім ала алғанмыз, онан кейін өзіміздің алған білімімізді туган еліміздің құн-қуатын арттыру, коммунизм құру ісіне қоса алатынымыз үшін зор бақыттымыз.

Мен 1951—52 оқу жылында X клас-ты бітіріп, кәсіптік аттестат алдым. Мектепте оқын жүрген кездің өзінде-ақ мен оқытушы болуды, өзімнің бар білімім мен ынта- жігерімді балаларды, коммунизмнің болашақ құрылысшыларын оқытып, тәрбиелеуге жұмсауды арман ететінмін. Сондықтан орта мектепті бітіріп шыққан жылы қаладағы К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтына түстім. 1954 жылы институтты бітіріп шығамын.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде совет халқының алдына аса зор міндеттер қойып, әрбір маман қызметкерлердің орны ауыл- селода екендігін атап көрсетті. Пленум қаулысын

рып, оқушы жастарға терең білім беру жолында зянбай еңбек етумен жауап беремін.

Р. ЗАБИРОВА,

Петропавлдағы мұғалімдер институтының физика-математика факультетінің студенткасы.

Алтын заң

Алтын заң ұлы Отанға көрік берген, Халыққа тең право, ерік берген. Ескінің лақтырды ауыр жүгін, Зілдей боп арқамызды өзін келген.

Еш тарих көрген емес мұндай заңды, Жоқ еткен жоқтық, қорлық, қайғы, зарды.

Отаным гүлдей жайнап бақыт құшып, Өзгелер осы заңнан қуат алды.

Кездескен қыйындықтың бәрін жеңіп, Келеміз коммунизм гүлін егіп. Көп алғыс Коммунистік партияға, Тең еткен бар халықты бақыт беріп.

Қазірде атомшылар /шу көтеріп, Баймақ, адам қанын суша төгіп, Желігін тағы қырғын соғыс ашпақ. Сақтауға бара жатқан күнін, сөніп,

Біздердің оларға айтар жауабымыз: Бейбітшілік, әділдік —қалауымыз. Сыяқты аттөбелі аз адамнан, Халықтың ақ ниетті күші нығыз.

Өрлейміз күн- күн сайын басып алға, Алтын заң- бақыт туы берік қолда. Халықтардың достығын —зор жеңісті. Қорғаймыз ерлікпенен арқашан да.

М. КӘМӘЛИЕВ.

Өмірімнің мақтанышы

Мен кімдермен сөйлесем де, Деймін: Рас, бақыт бары. Бақыттылар біздің елде, Олар —совет адамдары.

Өрле бақыт шыңдарына, Бөгеті жоқ өмір еркін. Қошемет мол талабыңда, Еңбек істе, оқы —еркін.

Қайда жүрсем тең адаммын, Отанымда, өз елімде. Бәрі туыс айналамын, Ой-арманы, ісі бірге.

Мақтан етем зор сезіммен, Өмірімнің осы заңын— Бақыт жолын бізге өнерген, Коммунистік партияның.

Әлі МҰСАХАНОВ.

ТІГІНШІ ҚЫЗ

Цех бастығы да, мастер де фабрикаға жаңа ғана келген Софияға жауапты жұмыстар жүктемейтін. Өйткені, ол жас, өрі үйренуші ғана болатын.

— Қызым, машинаны майлап сүрте-гой, мына бір матаны көмкере сал, — деген сөздерді София жиі еститін. Бірақ, ол өз бетімен тігін машинасын меңгеруге талаптануды, шебер тігіншілік «сырын» білуге ұмтылуды тоқтатқан жоқ. Оның ұқыптылығы, жұмысқа деген ынтасы, өз

5 декабрь 1936 жыл.

Бұл күн менің ісімде мәңгі сақтаған. Өйткені, бұдан бір ай ғана бұрын облыстық кітапханаға қызметке орналасқан менің шын мәніндегі кітапханашылық қызметім нақ осы күннен басталды. Алғашында үйренуші болып қызмет істеп жүрген мені бұл жүні кітапхана директоры шақырып алып:

— Софья Александровна, бүгін —ССР Одағының Конституциясы қабылданатын күн. Сондықтан да оқу залында кітап оқушылар өте көп болады. Сіз бүгіннен бастап нақты қызметіңізге кіріссіз, — деді.

Расында да, бұл күні оқу залында адамдар өте көп болды. Бірақ, олар кітап оқуға оншалық көңіл бөлмей, Москвадан радио тыңдады —ССР Одағы Конституциясы туралы астанадан берілген хабарлар олардың бар ынтасын аударған еді.

Міне, содан бері 17 жыл өтті. Бұл уақыт ішінде елімізде талай- талай күрделі тарихи оқиғалар болды. ССРО Конституциясын өз істерінің негізі еткен совет халқы тарихта болмаған жеңістер мен табыстарға ие болды.

Бұл уақыт ішінде мен кітапханашы болып істейтін облыстық кітапхана да тамаша өсті. Кітап қоры үш-төрт есе көбейген кітапхананың кітап оқушылар саны да еселен көбейді.

Ұлы Конституция нұрына бөленген советтің қарапайым адамдарының бірі—менің бұл уақыт ішіндегі өмірім бақыт залының өмірдегі айқын жемісіндей көрінеді. Октябрь революциясына дейінгі орным «оттың басы, қазанның қасы» болған.

Советтік Конституцияның нұры астында

Советтік Социалистік Республикалар Одағының ұлы Заңы —Советтік Конституцияның нұры астында біз, советтің бақытты аналары қуанышты өмір сүріп отырғанмызды мақтан етеміз. Бүгін, Советтік Конституция Күні бүкіл совет әйелдерімен бірге, мен де ана мен баланың қамқоршысы және мақтанышы —

үкметіміз бен партиямызға аналық жүрегімнен алғыс айтамын. Мен 7 баланың анасымын. Жеті ұлды тәрбиелеп, өсіргенім үшін Үкмет мені I- және II-дәрежелі «Ана медалі» медалдарымен наградағды. Балаларымды тәрбиелеп, өсіруде ешқандай қыйыншылық көргенім жоқ. Бұл үшін мемлекеттен жыл тыйын 2040 сом жәрдем алып тұрамын.

Қазір балаларымның алды кәсіптік жасқа толып, бейбіт еңбегімен коммунизм құру ісіне келелі үлес қоса бастады. Үлкен ұлым Марат свердловщик болып, екінші ұлым Әлім үйренуші тоқарь болып істейді. Үш ұлым мектептерде оқып, білім алады.

Менің ерім Жұмабай еңбек мүгедегі. Ол ай сайын жәрдем алып отырады, Мұның өзі — біздің туысқан үкметіміз бен партиямыздың қарттарға, еңбек мүгедектеріне деген қамқорлығының сыйпаттамасы.

Қазір тұрмысымыз жақсы, ауқатты тұрамыз. Бйыл өзіміздің мемлекеттен алып

мен, тек Совет өкметі тұсында ғана қоғамдық қызметке араласып, әлеуметтік мәселелерді шешушілердің бірі дәрежесіне жете алдым.

Мен 17 жыл бойы ұлы Конституцияны насихаттаушы болғанымды мақтаныш етемін. 1937 жылы ССРО Жоғарғы Советінің алғашқы сайлауында мен сайлаушылар арасында үгітші болып істедім. Үгіт жұмысын үлгілі дәрежеде жүргізгендігімді жоғары бағалаған облыстық партия комитеті маған сыйлыққа Москвадағы туристер үйіне баруға жолдама берді. Міне, осы уақыттан бастап мен үздіксіз үгітші болып істеп келемін. Сол сыяқты, бірнеше рет участоктік сайлау комиссиясының мүшесі болдым. 17 жыл бойы облысымыздың мәдениет ошақтарының бірі —облыстық кітапханада істеп келе жатқан маған 1951 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген кітапханашысы деген құрметті атақ берді.

Ұлы Конституцияның туы астында бақыт пен құрметке бөленген менің өмірім осындай. Мен сыяқты миллиондаған совет әйелдеріне бақыт берген ССРО Конституциясын еңбекшілер арасында насихаттаушы болып істейтіндігімді өзіме зор мақтаныш санаймын. Өйткені, ССРО Конституциясы — бақыт, ал, мен сол бақытты еңбекшілерге түсіндірушілердің бірімін.

С. РАКОВИЧ,

Облыстық кітапхананың қызметкері, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген кітапханашысы.

Совет Одағының Пакистанға жолдаған нотасы туралы Индия баспасөзінің пікірі

ДЕЛИ. 3 декабрь. (СОТА). Делидің таңертең шығатын газеттері Совет Одағының Пакистанға жолдаған нотасын бірінші беттерінде жариялады.

«Индиян экспресс» газеті «Совет нотасы Делидің парламенттегі топтарында зор ынта тудырды» деп хабарлайды.

«Хиндустан таймс» газеті Совет нотасын мақұлдаған пікір білдіре келіп, мұның Пакистанға ұнайтынына немесе ұнамайтынына қарамастан оның көршілері «бұл сыяқты оқиғаларға онан әрі елеулі ынта қоятын болады» деп атап көрсеткен.

Лакнау қаласында шығатын «Пил» газеті пакистан-американ соғыс келіссөздері туралы хабарлар «бүкіл бейбітшіл топтарда зор абыржушылық тудыруда» деп жазған.

Кореядағы уақытша бітім жайында

ПЕКИН, 3 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, 2 декабрьде американ жағы советорлардың бірінде оңтүстік корейлік соғыс тұтқындары арасында ертеден әзірленген түсінік жұмысын жүргізе бастаған. Түсінік әңгімелері жүргізілген 30 соғыс тұтқыныңың бірдебірі лисынмандық агенттердің барынша «үгіттен», «желдіктіргеніне» қарамастан еліне қайтуға тілек білдірмеген. Осы соғыс тұтқындарының көбі былай деп мәлімдеген: корей-қытай жағы да біздің үйге қайтуымызға кедес беріп, сан рет әрекет жасаған болатын. Бірақ, біздер мұқыят ойлап шыққаннан кейін, сайып келгенде, Солтүстік Кореяда қалуға ұйғардық.

Лисынмандықтар қару кезенуде

НЬЮ-Йорк, 3 декабрь. (СОТА). Ассошиейтед Пресс агенттігі тілшісінің Трентоннан (Нью-Джерси) берген хабарына қарағанда, АҚШ-тағы лисынмандық елші Ян Ю Чан баспасөз конференциясында: Солтүстік Кореяны «қарудың күшімен азат ету» керек деп мәлімдеген. Кореяны бейбіт құралдармен «біріктіруге» болады деп ойлайтындар «қатты атасады» деп мәлімдеген лисынмандық. Ол бұдан кейін: «Кореяны біріктіру» Құрама Штаттар үшін өте маңызды, өйткені «американ қорғаныс әзірліктері» осыған байланысты деген.

«ОРТА -ШЫҒЫС ҚОРҒАНЫСЫНА» ҚАТЫСУДАН СИРИЯ МЕН ЛИВАННЫҢ БАСТARTУЫ ТУРАЛЫ ЕГИПЕТ ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

отыр. Мен институтты бітіргеннен кейін оқытушы болып селого баруды өзімнің алдыма мақсат етіп қойдым. Бұл — орындалатын мақсат.

Мен комсомол тобының ұйымдастырушысымын. Бұл жұмысты атқару менің қоғам жұмысын жүргізуде тәжірибе алуыма мүмкіндік береді. Мұның өзі өте қажет. / Өйткені, біздің кай-қайсымызға болса да алдағы уақытта қоғам жұмысына белсене араласуға тура келетіндігі сөзсіз.

Бірақ, кәзір менің алдыма аса маңызды міндет — мемлекеттік емтиханды жақсы бағамен тапсырып, оқытушы деген диплом алу міндеті тұр. Бұл үшін бізде барлық мүмкіншілік жеткілікті.

Біздің туысқан партиямыз бен үкметіміздің жастарға көрсетіп отырған қамқорлығына кәзір оқуды жақсы оқумен, ал келешекте Советтік Конституцияда еңбек етуге берілген правомды пайдалана оты-

Ұлы қамқорлықтың нәтижесі

Советтік Конституция — жеңген социализм елінің Конституциясы. Ол еңбекші таптар мен еңбек адамдарын өмір қуанышына бөлеген заң.

Советтік Конституция қабылданғанда мен мектепте оқып жүрген бала едім. Кәзір совет мекемесінде қызмет істеймін, қалалық финан бөлімінде аға инспекторымын. Әйелім Нина Федоровна — медицина қызметкері, әкем Ануфрий Антонович малдәрігерлік жабықтау бөлімінде істейді.

Тұрмысымыз өте жақсы. Семьямыздың айлық табысы — 1700 сом. Бұл сома семья мүшелерінің жақсы киініп, тәтті-дәмді тағамдар ішіп, мәдениетті демалуына артығымен жетеді. 1953 жылы қымбат бағалы материалдан бірнеше пар сыртқы киімдерді заказбен тіктірдік. Гардероб, радиоқабылдағыш, сағат, көптеген киімдер, быдыс-аяқ сатып алдық.

3 жасар Лида мен біржарым жасар Витяның ойыншықтарына 400 сомнан артығырақ ақша жұмсадық.

Оқып, тандап алған мамандығымыз үшін, ауқатты, қуанышты және мәдениетті өміріміз үшін Коммунистік партияның, Совет Үкметінің алдында үлкен борыштымыз. Совет адамдарының тұрмысы мен өмірі кәзіргіден де ауқатты, қуанышты болатындығына сеніміміз зор. Оған СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының және совет халықтарының әл-ауқат, мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жақсартуға беруге бағытталған партия мен үкметтің соңғы тарихи қарарлары осыған толық дәлел.

Ұлы Совет Одағы бастаған бейбітшілік ісі жеңеді. Ол үшін біз, совет адамдары өзіміздің адал еңбегімізбен бесінші бес-жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау ісіне белсене қатысамыз.

А. ЛОБАНЧУК,

Петропавл финан бөлімінің аға инспекторы.

түн шымылдығын байқатпай тұр. Оның үстіне күндізгі сәуле беретін лампалар орнатылған. Партия мен үкмет басшыларының қабырғаға ілінген суреттері, айлық, жылдық тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындауға шақырған ұрандар цех үшін онан сайын безендіре түседі.

Цехты бойлай екі қатар қойылған тігін машиналарының арасымен зырқырап, дамыл таппай жүріп тұрған конвейердің біреуі пішілген киімдердің үлгілерін әкелсе, екінші конвейер дайын бұйымдарды әкеліп жатыр. Машина жүрісінен қалыспайтын жылдам қолдар мен мотор жүрісіне дөз ілеспейді. Олардың біреулері киімнің жеңін, екіншілері өңірін сырда. Ал, үшіншілері жең мен өңірді құрап, ілездек арнаулы бір киімді дайын етеді.

Осы цехтың есігінен кіре бергенде сол жақтағы машина столының шетінде үш бұрышты кішкене жалау тұр. Осы столда іс тігіп отырған қызды шырайлы, талдырмаштау келген сымбатты қыздың істі шапшаңдата тіккен қыймылы еріксіз назар аударады. Оның өз ісінің шебері екені ешкім айтпай-ақ аңғарылып тұр. Біз дәл стоудың жанына келгенде фабрика комсомол ұйымының секретары Лидия Нестеренко:

— Бұл мінсіз сапалы өнім шығаратын Мария Саяфина жолдастың бригадасы. Бригадада 34 адам бар. Олардың бәрі де күндік, айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындайды.

— Танысып қойыңыз, мына кісі — еңбек озаты, фабриканың мақтаншысы, — деп бізге әлгі жалау тұрған столда іс тігіп отырған қызды нұсқады. Ол:

— София Тынчарова, — деп өзін бізбен таныстырды.

1949 жылдың февралы.



СУРЕТТЕ: облыстың тандаулы адамдарының біртобы: (солдан оңға қарай) бірінші қатарда — Н. Вавильченко — Мамлют ауданы, Интернационал МТС-нің тракторшысы, А. Елагина — былғары зауыдының цех бастығы, В. Рыбалкин — Подудень ауданы, «Прогресс» колхозының шопаны, Ә. Мәдібаев — Киров атындағы астық совхозының комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері, Ж. Есенова — Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншысы, Е. Бәуке нов — Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председатели, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Екінші қатарда — М. Саввин — Петропавл темір жол бөлімінің инженері, Н. Козлова — А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының аға технологі, Б. Хаметова — Киров атындағы заводтың жұмысшысы, Р. Сафимова — Петропавлдың бірлікке емханасының дәрігері және С. Жүзенов — шойын құю-тазары зауыдының үлгі жасаушысы. Суретті түсірген А. Розенштейн.

іне тағандылығы көп кешікпей-ақ цех коллективінің назарын аудара бастады.

Әйтсе де, көп жаттығуды, ерінбей еңбек етуді керек ететін тігіншілік мамандықты бірден меңгеру Софияға оңай да болған жоқ. Жұмыстағы кейбір сәтсіздіктерге кейіп, өзі тандап алған тігіншілік мамандығын тастап кеткісі келген кездері де болды. Бұл кездегі оның көмек берер қамқоршысы да, жанашыр ақылшысы да, тілектес досы да Матрена Ивановна Панина еді. Матрена Ивановна Софияның кейбір кемшіліктеріне сырттай сыр білдірмесе де, іштей қамығып, өз жұмысының көптігіне қарамастан шәкіртімен бірге ұзақ күннің бойына сол кемшіліктерді жоюдың жолын іздестірумен болатын.

1949 жылдың апрель айында София комсомол қатарына өтті. Өз өміріндегі ең қуанышты кезең басталды. Комсомол мүшесі деген атаққа ие болу қандай қымбат, қандай бақыт! Міне, осы уақыттан бастап ол өз жауапкершілігін күшейтіп, қыйыншылықсыз, еңбектенуші мамандықтың өз бетімен келмейтінін сезді.

Матрена Ивановна басқа тігіншілерге: София өз ісіне тағанды, айтқанды бұл жытпай орындайды, нағыз шебер осы болады дейтін. Ал, кәзір, София сол кезде айтқан жерден шығып отыр. Яғни ол — фабриканың тандаулы тігіншісі, еңбек озаты. Ол күндік нормасын үнемі 150—180 проценттен орындап жүр.

... Бір күні София өзінің достары Үм-сындық пен Лидиядан түскі үзілісті цехта өткізуді өтінді.

— Бүгінгі жыйналыста ССРО Конституциясы Күні құрметіне міндеттеме аламыз, — деді ол жолдастарына. — Сіздер

Жуырда ССРО Конституциясы Күні құрметіне алынған социалистік міндеттеменің орындалу барысына қорытынды жасалды. Онда озып шыққандар фабриканың құрмет тақтасына жазылды. Олардың ішінде, әдеттегідей, сменалық нормаларын үнемі 170—180 проценттен орындап жүрген София, Үмсындық, Лидия да бар.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысын еліміздің барлық еңбекшілері сыяқты София да еңбектегі зор өрлеу үстінде қарсы алды. Кәзір фабрика жаңа өнімдер шығаруға, костюмдер тігуге кірісті. Жаңа жылдан бастап София Тынчарова жұмыс істейтін № 2 цехтың барлық төрт бригадасы да костюм тігетін болады.

Бір кезде Софияның арман еткен тілегі кәзір орындалды. ССРО Конституциясының нұры астында, мейірімді Отан-ананың құшағында өсіп, білім алды. Әкесінен жастай жетім қалса да, ешқандай қыйыншылық көрген жоқ. Інісі мен інілісінің оқып, мамандық алуына да толық жағдай туды. Інісі Сағит үстіміздегі жыл темір жол училищесін бітіріп, машинист мамандығын алғалы отыр. Ал, Фая болса, быйыл жетіжылдық мектепті бітіреді.

— Бізге мұндай бақытты тұрмыс әперген, оқуға, демалуға, еңбек етуге право берген туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген семьямыздың шексіз сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен айтып жеткізу, қиын, — дейді София Тынчарова.

М. НҮРПЕНІСОВ.

тапқан еңбекақысынан күнбе-күні тұрмысқа керегімізден артқан қаржымызға жаңа үй салып алдық. Соңғы кезде ма-газиндерге көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарлары бұрынғыдан көп түсе бастады. Соның нәтижесінде мен де балаларыма қажетті киім-кешектер сатып алдым.

Кәзір ауқатты, мәдениетті өмір сүрудеміз. Бейбітшіліктің тіреті — совет елінің бақытты балаларын, коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеп, өсіргеніміз өзімді зор бақыттымын деп санаймын.

Ф. БЕКТАЕВА,

Көп балалы ана.

Бақытқа бөлеген заң

Мен көп балалы жұмысшының семьясында тудым. Әкем Петропавл станциясындағы паровоз депосында слесарь болып істейді. Бірақ, мен өз өмірімде жоқшылық пен қыйыншылықты көрмей өстім. Совет өкметі тұсында туған менің және менің туысқандарымның өмір жолы Октябрь революциясынан кейін туған совет жастарының бақытты өмірін айқын бейнелейді.

Ағам Григорий Москваның авиациялық институтын бітірді. Ол кәзір Москвада инженер-конструктор болып істейді. Інім Николай Курган ауылшаруашылық институтының IV курсінің студенті. Ал, мен өзім 1951 жылы Алматыдағы Қазақтың В. М. Молотов атындағы медициналық институтын бітіргеннен кейін өзімнің туған қалам Петропавлға дәрігер болып ораддым. Кәзір қалалық ауруханада дәрігер болып істеймін. Ең кішіміз Раиса быйыл бастауып мектептің IV класында оқыйды.

Міне, совет өкметінің арқасында біздің семья мүшелерінің өткен өмір жолы осындай. Ал, біздің болашағымыз бұдан да сәулетті, бұдан да көркем. Бұл санап өсіп отырған еліміздің еңбекшілерінің материалдық және мәдени қажеттерін барынша толық қанағаттандыруға бағытталған үлкен шаралары бұған айқын дәлел.

Жуырда менің өмірімде өте зор елеулі оқыйға болды — мен Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат болып қабылдандым. Бұл зор оқыйға ұлы күн — ССР Одағы Конституциясы күнімен тұстас келуі менің зор қуанышымды онан сайын арттыра түсті. Өйткені, менің және мен сыяқты миллиондаған совет жастарының оқып білім алуына, бақытты өмір құрып, жемісті еңбек етуіне тек қана Советтік Конституция арқасында қолы жетті.

Сондықтан да мен бүгінгі ұлы мереке күні жоғары білім, бақытты өмір, жарқын болашақ берген Советтік Социалистік Республикалар Одағының ұлы Конституциясы жасасын! — деп шын жүректен қуанышпен айтамын.

М. САМОХВАЛОВА,

Қалалық аурухананың дәрігері.

ра» газетінің хабарына қарағанда, Дамаскадан алынған мәліметтерге сәйкес, жуырда Сирия президенті — Шипеклидің Ливан премьер-министрі Яфимен кездескен кезінде Сирия және Ливан үкметтеріне Европаның Оңтүстік аймағындағы Солтүстік-Атлантика одағы соғыс теңіз күштерінің командасы америка вице-адмиралы Райт және басқа америка ресми адамдары арқылы «Орта-Шығыс қорғанысына» қатысуы туралы жасалған ұсынысты қабылдамауға қарар қабылданған.

ЖАПОН ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ЖЕҢІСІ

ПЕКИН, 2 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Токиодан Жапонияның «Мицуи» компаниясының шахтерлері 7 августта 27 ноябрьге дейін созылған жұмысшыларды жұмыстан жаппай шығаруға қарсы күресте жеңіске ие болды деген хабарды берді. Компанияның әкімшілік иелері 1815 шахтерді жұмыстан шығару жөніндегі өздерінің ниеттерінен бастартуға мәжбүр болды. Оның үстіне компанияның әкімшілік иелері сентябрьден бастап жұмысшылардың жалақысын өсіруге келіскен.

МОССАДЫККЕ СОТ

ТЕГЕРАН, 3 декабрь. (СОТА). Мосадтың және Иран армиясы бас штабының бұрынғы бастығы генерал Рияхидің ісі шеніндегі сот мәжілісінде 30 ноябрьдің кешінде, 1 және 2 декабрьде Мосадтық осы жылғы августын 16-нан 19-на дейінгі уақыттың ішінде болған оқыйғаларға байланысты қойылған сот председателинің сұрақтарына жауап берді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10,20-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДУШПАНДАР»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

* «Строитель» артелине түпкілікті жұмысқа бу машиналарының қотелері, сол сыяқты, жүк тиеушілер, атшылар және күзетшілер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Володарск көшесі, 86-үй.

* * * * *

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сәйлесуге болады.